



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

8D09 - Ветеринария

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

8D091 – Ветеринария

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0841

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

D138 - Ветеринария

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

8D09102 - Ветеринариялық санитария

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Философия докторы (PhD)

(дайындық деңгейі)

Семей

Білім беру бағдарламасы

8D09 – Ветеринария
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

8D091 - Ветеринария
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0841
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

D138 - Ветеринария
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

8D09102 - Ветеринариялық санитария
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Философия докторы (PhD)
(дайындық деңгейі)

АЛҒЫ СӨЗ

Әзірленді

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (жаңа редакцияда - 20.02.2023 № 66) ЖжЖООкББМЖМС негізінде 8D091 - Ветеринария даярлау бағыты бойынша 8D09102 - Ветеринариялық санитария білім беру бағдарламасы Академиялық комитетінде

АК құрамы	Аты- жөні, толық	Ғылыми лауазымы, атағы, қызметі
АК жетекшісі	Есенгулова Нурлыгуль Жансаповна	Жетекші, ветеринария және ауыл шаруашылық зерттеу мектебі
БББ менеджері	Серикова Айнур Темешовна	Ветеринария ғылымының кандидаты, доцент
АК мүшесі	Дюсембаев Сергазы Турлыбекович	Ветеринария ғылымының докторы, профессор
АК мүшесі	Ахметжанова Айжан Еркінгазыевна	PhD философия докторы, кафедра меңгерушінің м.а.
АК мүшесі	Билялов Ермек Ережепович	Ветеринария ғылымының кандидаты, аға оқытушы
АК мүшесі	Жексенаева Асель Бексултановна	PhD философия докторы, қауымдастырылған профессор м.а.
АК мүшесі	Ракишев Жанат Болатович	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Абай облысының аумақтық инспекциясы» РММ, мекемесінің басшысы
АК мүшесі	Балуанов Аян Кажмухаметович	Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Семей облыстық филиалының сынақ зертханасының меңгерушісі
АК мүшесі	Абдыкаримова Шынар Абдымаликовна	1 курс докторанты

ПІКІР БЕРІЛДІ

Аты- жөні, толық	Қызметі, жұмыс орыны
Барышев Ержан Муратбекович	Абай облысының ветеринария басқармасының басшысы
Аралбекова Раиса Александровна	«Семей-Вет» ЖШС директоры

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

2024 жылғы 09 қаңтардағы No 3 хаттамамен Ветеринария және агроменеджмент факультетінің академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында.

Ветеринария және ауыл шаруашылығы зерттеу мектебінің академиялық сапа жөніндегі комиссиясының отырысында Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды Хаттама № 6 "06 " маусым 2024 ж.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Мазмұны

1. Кіріспе

2. Білім беру бағдарламасының паспорты:

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты;

2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы:

Білім беру саласының жіктелуі және коды;

Даярлау бағытының жіктелуі және коды;

Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код;

Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды;

Білім беру бағдарламасының коды және атауы;

2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық);

2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы:

Берілетін дәреже / біліктілік;

Кәсіптік стандарттың атауы;

Жаңа мамандықтар атласы;

Өңірлік стандарт;

Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі;

СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі;

Кәсіби қызмет саласы;

Кәсіби қызмет нысаны;

Кәсіби қызмет түрлері;

2.5. Бітіруші түлек моделі.

3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте 8D09102 - «Ветеринариялық санитария»

1.Кіріспе

1.1.Жалпы деректер

8D09102- Ветеринариялық санитария білім беру бағдарламасы пәндерді оқытудың модульдік жүйесі негізінде жобаланған. Жалпы мәдени және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыратын 2 модульден тұрады. Білім беру бағдарламасы ҚР ҒЖЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға ортақ стандарты, магистратура негізінде әзірленді.

Білім беру бағдарламасы мақсатты, күтілетін нәтижелерді (құзыреттілік бірліктерін) регламенттейді, бағдарламаның сипаттамасы мен түлектің кәсіби қызметінің бағыттарын, оқыту нәтижелері мен алынған құзыреттерді, білім беру бағдарламасын құрайтын модульдердің сипаттамасын қамтиды.

Білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде оқу процесінде тез өзгеретін технологиялық ортада білім алушылардың цифрлық құзыреттерін дамыта отырып, жасанды интеллект құралдарын қолдану көзделеді.

Білім беру бағдарламасы жоғары оқу орны жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуды, сондай-ақ оның әлеуметтенуін және қоғамға кірігуін көздейді.

1.2.Қорытындылау критерийлері

Докторанттарды даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 45 кредиті, оның ішінде педагогикалық практика кемінде 10 кредит, зерттеу практикасы – 10 кредит, сонымен қатар кемінде 123 кредит ғылыми-зерттеу жұмысына (ҒЗЖ), және 12 кредит докторлық диссертацияны жазу мен қорғауға болып табылады. Барлығы 180 кредит.

1.3.Типтік оқу мерзімі: 3 жыл

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты	Ғылым, білім беру, басқару саласында инновациялық қызметке қабілетті жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.
2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы	
Білім беру саласының жіктелуі және коды	8D09 - Ветеринария
Даярлау бағытының жіктелуі және коды	8D091 - Ветеринария
Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіндегі код	0841
Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды	D138 - Ветеринария
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	8D09102 - Ветеринариялық санитария
2.3. БББ айрықша ерекшеліктері (қос дипломды/бірлескен, ЖЖОКБҰ-серіктес, double major, инновациялық)	-
2.4. Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже / біліктілік	«8D09102 Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасының философия докторы (PhD)
Кәсіптік стандарттың атауы	1 Сүтті бағыттағы ірі қара малдарын өсіру 26.10.2022 2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты 20.11.2023
Жаңа мамандықтар атласы	-
Өңірлік стандарт	-
Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі	Аға оқытушы,, доцент, кафедра профессоры; Кафедра меңгерушісі; Факультет деканы; Жоғары оқу орны мен ҒЗИ ғылыми қызметшісі; Ветеринариялық зертханалар мен бөлімдерде басшы; Өндіріс саласындағы бас ветеринариялық-санитариялық дәрігерлер
СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі	8
Кәсіби қызмет саласы	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық, басқару қызметі
Кәсіби қызмет нысаны	- «Ветеринария» бағыты бойынша ББ бар университеттер мен колледждер; - ветеринариялық ғылыми-зерттеу ұйымдары; - «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК; - «Ұлттық ветеринариялық-анықтамалық орталық» ММ; - жануарлар мен өсімдік тектес азық-түлік өнімдері мен жемдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау, сату бойынша кәсіпорындар; - ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасы - мемлекеттік кеден қызметі мекемелері мен өткізу пунктері.
Кәсіби қызмет түрлері	Сарапшы-бақылаушы –

	<ul style="list-style-type: none"> - жануарлар мен өсімдік тектес өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау; - жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды өндіруге, тасымалдауға және өткізуге ветеринариялық-санитариялық бақылау; - жануарлардан өндірілген өнімдер мен шикізаттар арқылы берілетін аурулардың алдын алу; - Қазақстан Республикасының аумағын импорттық өнімдер мен шикізат арқылы жұқпалы аурулардың енуінен қорғау. <p>Ғылыми-зерттеу</p> <ul style="list-style-type: none"> - ветеринариялық, биологиялық, экологиялық және тамақтану бағытындағы ғылыми-зерттеу, өндірістік мекемелерде ғылыми зерттеулер мен эксперименттер жүргізу. <p>Өндірістік-технологиялық</p> <ul style="list-style-type: none"> - жануарлар мен өсімдік тектес өнімдерді өндіру, өңдеу, сақтау, тасымалдау және сату технологиясының сақталуын ұйымдастыру және бақылау; дәрілік заттарды, биологиялық өнімдер мен азық қоспаларын өндіруді және пайдалануды ұйымдастыру және бақылау; азық беруді әзірлеу және дайындау Ұйымдастыру-басқару - Қазақстан Республикасының аумағында ветеринария заңнамасының сақталуын бақылау; - қоршаған ортаның биологиялық ластануын бақылау; - жануарлармен, құстармен және балықтармен жұмыс жасау кезінде ветеринариялық персоналдың және басқа да мал шаруашылығы, құс және балық өсіру қызметкерлерінің қауіпсіздік шараларын сақтауын оқыту және бақылау; - балық, құс еті, жануарлар мен өсімдік өнімдерін, биологиялық белсенді заттар мен қоспаларды өндіру және сату кезінде ветеринариялық-санитариялық ережелердің сақталуын бақылау; - сараптама және қадағалау қызметін жүзеге асыратын кәсіби топты басқару, ветеринариялық-санитариялық шаралардың экономикалық тиімділігін бағалау. <p>Жобалау</p> <ul style="list-style-type: none"> - тамақ, ет және сүт объектілерін (ет комбинаттары, қасапханалар, сүт зауыттары, шұжық, консервілер, ірімшік сүт өндірісі және т.б. шығаратын мини-фабрикалар) салудың жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға және сараптауға қатысу, сауда желісі, зертханалық және базардың ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасы. <p>Білім (педагогикалық)</p> <ul style="list-style-type: none"> - мамандық профиліне сәйкес орта кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс; - сараптама және қадағалау қызметін жүзеге асыратын ветеринария мамандарын даярлау және қайта даярлау.
<p>2.5.Бітіруші түлек моделі</p>	<p>Білім беру бағдарламасының міндеттері 8D09102 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:</p>

-докторанттарға тамақ өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау бойынша жұмыстарды практикалық ұйымдастыру мен жүргізудің заманауи әдістерін үйрету;

- докторанттардың өнімнің қауіпсіздігіне мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау талаптарын меңгеруі;
- докторанттардың өзін-өзі жетілдіру және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту;
- дайындау, өңдеу, өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі;
- жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдейтін кәсіпорындардың ветеринариялық-санитариялық жағдайын қадағалау және жоғары сапалы өнім шығаруды қамтамасыз ету;
- жаңа және күрделі идеяларды сыни тұрғыдан талдау, бағалау және синтездеу;
- ветеринария, білім және бизнес құрылымдарында сауатты сөйлеуді, ойлау мәдениетін және ғылыми жұмысты ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;
- докторанттар таңдаған мамандыққа сәйкес жеке оқу траекториясын қамтамасыз ету;
- әртүрлі деңгейдегі ғылыми іс-шараларға қатысу дағдыларын меңгеруге, постдокторантурада ғылыми дайындықты жалғастыруға ықпал ету.

Бірінші деңгейдегі Дублин дескрипторларына сәйкес 8D09102 – «Ветеринариялық санитария» (ҰСҚ 8 біліктілік деңгейі) бойынша докторанттың оқуының нәтижелері:

- ҚТСБН - (ХАССП) қағидаттары негізінде ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерінде ветеринариялық-санитариялық сараптаманың ғылыми әзірлемелерін қолдану;
- мал және құс шаруашылығы объектілеріне санитарлық-экологиялық мониторинг жүргізу;
- жануарлар мен өсімдік тектес өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау әдістерін қолдану;
- оқу үрдісіне педагогикалық технологиялардың инновациялық әдістерін енгізу;
- өндіру және сақтау кезеңдерінде жануарлар мен өсімдік тектес шикізаттың, материалдардың және дайын өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- ветеринария бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу;
- ғылыми, педагогикалық және өндірістік қызметте заманауи әдістерді қолдану;
- тамақ өнімдерінің құрамындағы негізгі бөгде заттарды, генетикалық түрлендірілген және басқа ластаушы заттарды анықтаудың заманауи әдістерін қолдану.

Кәсіби құзыреттіліктер

- жануарлар мен өсімдік тектес өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау;
- дайындау, өңдеу, өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалаудың заманауи әдістерін

меңгеруі;

- балық, құс етін, жануар және өсімдік өнімдерін, биологиялық белсенді заттар мен қоспаларды өндіру мен өткізу кезінде ветеринариялық-санитариялық ережелердің сақталуын бақылау;

- ветеринариялық-санитариялық шаралардың экономикалық тиімділігін бағалайтын сараптамалық қадағалау қызметін жүзеге асыратын кәсіби топты басқару;

- сараптамалық қадағалау қызметін жүзеге асыратын ветеринариялық мамандарды даярлау және қайта даярлау;

- өнім сапасына білікті сараптама жүргізуге мүмкіндік беретін сынау әдістерін меңгеру, объективті санитарлық баға беру және нәтижелеріне қарай пайдалану жолдарын табу.

Докторанттың жеке қасиеттері

8D09102 – «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша докторант белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді, магистранттар мен студенттерді оқыту, тәрбиелеу, әлеуетін дамытуда педагогикалық қызметті жүзеге асырады, кафедраны басқаруға және басқа да ұйымдастырушылық қызмет түрлеріне қатысады.

Негізгі мақсат докторанттарда жоғары азаматтық жауапкершілік, құқықтық сана, руханият пен мәдениет, бастамашылдық, тәуелсіздік, толеранттылық, отансүйгіштік, қоғамда табысты әлеуметтену қабілеті, аналитикалық және сыни ойлау сияқты тұлғалық қасиеттерді дамытуға мүмкіндік береді.

3.Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

Модуль 1.Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Ветеринариялық-санитариялық қадағалауға жататын мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді.

Модуль пәндері

Академиялық хат

ХАССП негіздерімен ветеринарлық-санитарлық сараптама

Ғылыми зерттеу әдістері

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Азық-түлік және тағамдық қоспалардың қауіпсіздігі

Өсімдік тектес өнімдердің нитратын ветеринариялық-санитариялық бақылау

Азық-түлік қауіпсіздігінің заманауи мәселелері

Модуль 2.Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін мемлекеттік ветеринариялық бақылау мәселелерін шешеді. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу және сапалы өнім шығаруды қамтамасыз ету жөніндегі кәсіпорындардың ветеринариялық- санитариялық жағдайын бақылауды жүзеге асырады. Экологиялық жағдайға сараптама жүргізеді.

Модуль пәндері

R көмегімен статистика және эксперименттік дизайн

Жануарлардан алынатын жемшөптің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы және қауіпсіздігі

Мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-экологиялық қауіпсіздік көрсеткіші

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Мал мен құс шаруашылығында санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг

Педагогикалық практика

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы III

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы IV

Зерттеу тәжірибесі

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы V

Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы VI

Қорытынды аттестаттау

Модуль мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Докторлық диссертацияны жазу және қорғау.

Модуль пәндері

Докторлық диссертация

4.Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте

«8D09102 - Ветеринариялық санитария»

Пән атауы	Цикл / компо- не нт	Семестр	Кредиттер саны	Барлық сағат саны	Дәріс	Пр. / Сем.	Зерт	ОБА ӨЖ	БАӨ Ж	Білімді бақылау нысаны
Модуль 1. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі										
Академиялық хат	БП/ ЖООК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
ХАССП негіздерімен ветеринарлық-санитарлық сараптама	БП/ ЖООК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Ғылыми зерттеу әдістері	БП/ ЖООК	1	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы I	БеП/ ЖООК	1	15	450						Практика бойынша қорытынды баға
Азық-түлік және тағамдық қоспалардың қауіпсіздігі	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Өсімдік тектес өнімдердің нитратын ветеринариялық-санитариялық бақылау	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Азық-түлік қауіпсіздігінің заманауи мәселелері	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Модуль 2. Мал шаруашылығы өнімдерінің сапасы және қауіпсіздігі										
R көмегімен статистика және эксперименттік дизайн	БП/ ЖООК	1	3	90	15	15		20	40	Емтихан
Жануарлардан алынатын жемшөптің ветеринариялық-санитариялық сараптамасы және қауіпсіздігі	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Мал шаруашылығы өнімдерінің ветеринариялық-экологиялық қауіпсіздік көрсеткіші	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы II	БеП/ ЖООК	2	20	600						Практика бойынша қорытынды баға
Мал мен құс шаруашылығында санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг	БеП/ТК	2	5	150	15	30		35	70	Емтихан
Педагогикалық практика	БП/ ЖООК	3	10	300						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы III	БеП/ ЖООК	3	20	600						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы IV	БеП/ ЖООК	4	30	900						Практика бойынша қорытынды баға
Зерттеу тәжірибесі	БеП/ ЖООК	5	10	300						Практика бойынша қорытынды баға
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды	БеП/	5	20	600						Практика бойынша

қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы V	ЖООК									қорытынды баға
Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы VI	Беп/ ЖООК	6	18	540						Практика бойынша қорытынды баға
Қорытынды аттестаттау										
Докторлық диссертация		10	12	360						

«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

8D09102 - «Ветеринариялық санитария»

2024-2027 жылға

Семей 2024 ж.

Мазмұны

№	Бөлім атаулары	Беттер
1.	Білім беру бағдарламасының даму жоспарының төлқұжаты	3
2.	Білім беру бағдарламасының аналитикалық негіздемесі	4
2.1	Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат	4
2.2	Білім алушылар туралы мәлімет	5
2.3	Білім беру бағдарламасының дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары	5
2.4	Білім беру бағдарламасының жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат	6
2.5	Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамалары	7
3	Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарының негізгі мақсаттары	7
4	Білім беру бағдарламасының тәуекелдерін талдау	8
5	Білім беру бағдарламасының дамыту бойынша іс-шаралар жоспары	8

1. Докторантураның даму жоспарының төлқұжаты 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» ББ

1	Даму негізі	«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы. Факультеттің жұмыс жоспары
2	Іске асыру мерзімі	2024-2027 о.ж.
3	Іске асырудан күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none">- еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін, әлемдік білім беру стандарттары деңгейінде білім беру қызметтерін көрсету;- оқу үрдісін ғылыми ізденістер мен инновацияларды интеграциялау арқылы интеллектуалды дамыған, шығармашыл, жасампаз мамандарды даярлау;- ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес ауыл шаруашылығына білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау

2. БББ аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы ақпарат

Білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген. Докторантураның білім беру бағдарламасын игерудің әдеттегі мерзімі - 3 жыл.

БББ 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» Академиялық комитеті әзірледі.

Ветеринария және ауыл шаруашылық зерттеу мектебінің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында қаралды (хаттама № 3, 9 қаңтар 2024 ж.)

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілген (хаттама № 6/1, 19 желтоқсан 2024 ж.).

8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәреже бере отырып білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі, кемінде 180 кредитті игеру болып табылады.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарына және магистрантарды даярлаудың осы саладағы стандарттарына сәйкес магистрантардың жалпы кәсіптік және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің Ветеринария және ауыл шаруашылық зерттеу мектебінің «Ветеринария» кафедрасының іске асыратын 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы өңірлік еңбек нарығының қажеттіліктерін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып әзірленген және білім беру процесін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесін білдіреді.

Білім беру бағдарламасы білім беру процесін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, осы даярлау бағыты бойынша түлекті даярлау сапасын бағалауды регламенттейді және түлектің кәсіптік қызметінің бағдарламасы мен бағытының сипаттамасын, оқыту нәтижелері мен алынған құзыреттерді, оқыту нәтижелерін бағалау саясатын, білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін білім беру процесін ұйымдастыруды, білім беру процесін құрайтын модульдердің сипаттамасын қамтиды.

Білім беру бағдарламасының мазмұны модульдік форматта әзірленген оқу жоспары арқылы іске асырылады, онда білім берудің бірінші деңгейі үшін пәндердің екі циклы көзделген: базалық және бейіндеуші пәндер, сондай-ақ оқытудың қосымша түрлері және қорытынды аттестаттау.

Осы білім беру бағдарламасы бойынша бітірушіге философия докторы (PhD) дәрежесі беріледі. Түлектер келесі лауазымдарды атқара алады: - «Ветеринария» бағыты бойынша ББ бар университеттер мен колледждер; - ветеринариялық ғылыми-зерттеу ұйымдары; - «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК; - «Ұлттық ветеринариялық-анықтамалық орталық» ММ; - жануарлар мен өсімдік тектес азық-түлік өнімдері мен жемдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау, сату бойынша кәсіпорындар; - ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханасы; - мемлекеттік кеден қызметі мекемелері мен өткізу пунктері; - жоғары оқу орындары мен колледждердегі педагогикалық қызмет.

2.2 Білім алушылар туралы мәлімет

Оқыту негізі \ Оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Грант	1	1	1
Келісім шарт			
Барлығы	1	1	1

2.3 БББ дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары

«Ветеринария» кафедрасының докторанттары мен ПОҚ дербес оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті ақпараттық-білім беру ресурстарына және электрондық кітапхана жүйелеріне шектеусіз қол жеткізе алады. Ақпараттық электрондық ресурстар: базаларға толық қол жетімділік – Scopus, Science Direct. Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеттің оқу ресурстары порталы жұмыс істейді (<http://ais.semgu.kz/>) онда пәндердің оқу материалдары қазақ, орыс тілдерінде электрондық форматта ұсынылған. «Ветеринария» кафедрасының аудиториялары Қазақстанның, жақын және алыс шет елдердің жетекші ғалымдарының қатысуымен онлайн конференциялар, дәрістер, семинарлар өткізу үшін WI-Fi желісіне қосылған.

Кафедраның ПОҚ «Ветеринариялық санитария» БББ бойынша мемлекеттік тілде оқу–әдістемелік әдебиеттер шығарумен үнемі айналысады. Университеттің білім беру порталында қазақ тілінде электронды форматта пәндердің оқу материалдары ұсынылған.

Білім алушылардың кәсіптік практикалары бекітілген өтпелі практика бағдарламасына сәйкес жүргізіледі және тұтастай алғанда осы бейіндегі мамандарды даярлаудың біліктілік талаптарына жауап береді.

Кәсіптік оқыту, кәсіптік практика және түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері кафедрада жұмыс берушілердің міндетті қатысуымен шешіледі. Жыл сайын кафедрада дөңгелек үстелдер өткізіледі, олардың жұмысына қалалық және аудандық әкімдіктердің, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары мен өкілдері қатысады. Кафедрада түлектермен, жұмыс берушілермен кездесулер, практикалық қызметкерлермен семинарлар ұйымдастырылады.

ДФЗЖ бекітілген өтпелі практика бағдарламасына сәйкес жүргізіледі және тұтастай алғанда осы бейіндегі мамандарды даярлаудың біліктілік талаптарына жауап береді.

ББ шеңберінде іске асырылатын ДФЗЖ "Республикалық ветеринариялық зертхана" РМК, ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы, " С Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университетінің " базасында өтеді.

«Ветеринария» оқу кафедрасы ынтымақтасады: «Әзірбайжан ауыл шаруашылығы Министрлігі жанындағы ветеринария ғылыми-зерттеу институты», «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, «Санкт-Петербург мемлекеттік ветеринарлық медицина университеті», «П. А. Столыпин атындағы Омбы мемлекеттік аграрлық университеті».

2022 жылы Түркияның «Кавказ» университетімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылып әрі қарай жұмысты қарқынды дамыту үшін шаралар жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылында «Ветеринария» кафедрасы дуалды білім беру элементтерін енгізуді жоспарлап отыр. Шарт Абай облысының ветеринария басқармасының «Семей-Вет» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен жасалатын болады.

Кафедраның міндеттерінің бірі жетекші жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу болып табылады, оны іске асыру оқытушылар мен білім алушылардың академиялық алмасуы арқылы халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялауға, сондай-ақ екі диплом алуға бағытталған.

Жыл сайын университет түлектеріне «Шәкәрім университетінің оқу процесін басқару сапасы және жұмыс жағдайлары туралы», «Семей қаласының халқы, жұмыспен қамту және мамандарға білім беру сапасы, соның ішінде Шәкәрім университетінің мамандарына», «ПОҚ ББ жаңартуға дайындық және мәселелер туралы» әлеуметтік сауалнамалар жүргізіледі. Мониторинг барысында, Семей қаласы Шәкәрім атындағы университет түлектерінің құзыреттілігі, оның ішінде «Ветеринария» оқу кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша өңір тұрғындарының қорытынды пікірі алынады. Зерттеу нәтижелері жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларының құзыреттер жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталатын болады.

2.4 Білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым туралы ақпарат

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы
1	БББ бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	100	100	100
2	Оның ішінде ЖББ циклі бойынша ғылыми дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	100	100	100

«Ветеринария» кафедрасы білім берудің үш деңгейі бойынша білім беру процесін жүзеге асырады: бакалавриат, магистратура және PhD докторантура. Кафедрада ғылыми-педагогикалық кадрларды қалыптастыру магистратура, PhD докторантура, профессор - оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады. БББ оқытушылары Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында (ҚПК жоспары бойынша) және ҚР БҒМ, ЖОО және басқа да ұйымдар өткізетін оқыту семинарларында біліктілігін арттырудан өтеді.

Оқытушылардың ғылыми қызметінің нәтижелері импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда көрсетіледі. "Ветеринария" кафедрасының ғалымдары Web of Science және Scopus базаларында Хирш индексіне (h-index) ие.

2.5 Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамалары

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін іске асырудың мақсаттарын, күтілетін нәтижелерін, мазмұнын, шарттары мен технологияларын, даярлаудың осы бағыты бойынша бітірушінің дайындық сапасын бағалауды регламенттейді және бітірушінің кәсіби қызметінің бағдарламасы мен бағыттарының сипаттамасын, Оқыту нәтижелері мен алынған құзыреттерді, оқыту нәтижелерін бағалау саясатын, білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін білім беру үдерісін ұйымдастыруды, білім беру үдерісін құрайтын модульдердің сипаттамасын бағдарлама, әдістемелік материалдар, тиісті білім беру технологияларын іске асыруды қамтамасыз ету.

2024 жылы «8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасын ARQA халықаралық аккредиттеу агенттігі 5 жыл мерзімге аккредиттеді.

3. БББ дамыту жоспарының негізгі міндеттері

БББ тиімді іске асыру үшін мынадай міндеттер айқындалды:

№	Тапсырманың атауы	Даму мерзімі	Даму кезеңдері
1	Толыққанды, сапалы кәсіптік білім алу үшін жағдайларды жақсарту және жетілдіру.	Барлық оқу кезеңі.	Кәсіби дағдыларды дамыту үшін білім беру қызметтерін жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.
2	Болашақ мал шаруашылығы мамандарының негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыратын білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды жүргізу.	Барлық оқу кезеңі.	Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту кезінде жұмыс берушілер ұсынған пәндерді қосу
3	Оқытудың барлық кезеңдерінде эксперимент жүргізу шеңберінде білім алушының дербес іздестіру-зерттеу қызметі үшін алғышарттар жасау.	Барлық оқу кезеңі.	Білім беру бағдарламаларын зерделеуде іздестіру-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізуді қосу
4	Кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану кезінде ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмысты игеру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.	Барлық оқу кезеңі.	Алынған нәтижелерді талдау және өңдеу бойынша іс-шаралар жүргізу
5	Магистр жұмыстарының өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау кезінде жұмыс берушілер мен ҒЗИ ғалымдарының кеңестері.	Докторантурада оқуды аяқтау.	Жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалардың ұсыныстары және басшылардың кеңестері

4. БББ тәуекелдерін талдау

№	Тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шаралардың атауы
1	БББ бойынша білім алушылар контингенті төмендеуіне байланысты	Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын тұрақты сапалы жүргізу
2	Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізу үшін тілді білудің жеткіліксіз деңгейі	Білім алушылар мен оқытушылардың тілдік курстарға қатысуын арттыру
3	Жұмысқа орналасу деңгейі төмендеуі	Өндірістік іс-тәжірибеден өту және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары мекемелермен, ұйымдармен байланыс жасау
4	Докторанттар мен ПОҚ-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының жеткіліксіз дамуы	ПОҚ мен докторанттардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бойынша қатысуын арттыру
5	БББ бойынша ПОҚ дәрежелілігінің төмендеу қаупі	Мақсатты докторантура бойынша оқитын ПОҚ санын көбейту, ғылыми атағы жоқ оқытушылардың жұмысын жандандыру
6	Келтірілген журналдардағы жарияланымдардың саны аз	Ғылыми журналдардағы мақалалар санын көбейту
7	Қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу тақырыптарының болмауы.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары бойынша жобалар санын ұлғайту

5. БББ дамыту бойынша іс-шаралар жоспары

№	Критерийлер	Күтілетін нәтижелер	Өлшем бірлігі	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Бағыт 1. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету						
1.1	Жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту	Түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатында 8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу.	факт	-	-	-

1.2	Негізгі және кәсіби құзыреттерін, еңбек нарығының сұраныстарын дамытуға сәйкес элективті пәндер каталогтарын мониторингілеу және жаңарту	Еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған элективті курстарды қосу арқылы білім беру бағдарламалары мазмұнының сапасын жақсарту.	факт	+	+	+
1.3	Оқу процесіне докторанттардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпал ететін заманауи оқыту технологияларын енгізу	Танымдық белсенділікті дамытуға ықпал ететін жұмыстардың жаңалығы мен алуан түрлілігін ескере отырып, оқу пәндерін оқыту сапасын жетілдіру.	факт	+	+	+
1.4	Әлеуметтік әріптестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыру сараптамасына тарту	Нарықтың сұраныстары мен жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту	бірлік	2	3	3
1.5	Ағылшын тілінде элективті курстарды әзірлеу және енгізу	Оқу процесіне ағылшын тілінде пәндерді енгізу	бірлік	-	-	-
1.6	Оқу процесіне инновациялық технологияларды қолдану бойынша семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу	Оқу процесіне инновациялық технологияларды енгізу	бірлік	3	4	44
1.7	Іске асырылатын БББ бойынша оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді басып шығару	Білім беру бағдарламаларының іске асырылатын пәндері бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыруды жетілдіру	бірлік	1	2	2
1.8	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен ПОҚ академиялық алмасуды дамыту мақсатында шетелдік және отандық серіктес жоғары оқу орындарымен шарттар жасасу	Барлық деңгейдегі білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық алмасуын дамыту үшін шетелдік және отандық серіктес ЖОО-лардың базасын құру	бірлік	1	1	1

1.9	Серіктес жоғары оқу орындарынан білім алушыларды семестрге, қысқа мерзімді тағылымдамаларға, практикаға және т.б. оқуға шақыру	Білім беру бағдарламаларының Халықаралық танылуын дамыту, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын іске асыру	адам саны	2	2	2
1.10	ПОҚ мен білім алушылардың академиялық алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысуы	Ветеринариялық санитария бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік университеттермен халықаралық ынтымақтастықты дамыту	адам саны	1	1	1
1.11	ПОҚ және білім алушылардың академиялық ұтқырлығын Ветеринариялық санитария бағыт бойынша дамыту	ҚР жетекші жоғары оқу орындарында ұқсас бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін пайдалану негізінде білім беру бағдарламасын жетілдіру	адам саны	1	1	1
Бағыт 2. Профессор-оқытушылар құрамы						
2.1	5 жылда бір рет білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру және даярлау	Республикалық деңгейде біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ үлесі 20%-дан кем емес	адам саны	1	2	2
2.2	ПОҚ біліктілігін арттырудан, қайта даярлаудан, тағылымдамадан халықаралық деңгейде өтуі	ПОҚ біліктілігін арттыру, қайта даярлау, тағылымдамадан өту бағдарламасының кемінде 2 оқытушысының халықаралық деңгейде өтуі	адам саны	-	1	1
2.3	Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін халықаралық басылымдарда ПОҚ еңбектерінің жарияланымдарын ілгерілету	ПОҚ жалпы санының кемінде 30% Web of Science және Scopus дерекқорларымен индекстелетін басылымдарда ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялаған ПОҚ үлесін ұлғайту	%	1	2	2
2.4	Оқытушылық және ғылыми қызметке практикалық қызмет саласының мамандарын тарту	Практик-мамандардың білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысу (мамандардың кемінде 20%)	%	2	3	3

Бағыт 3. Білім беру бағдарламаларын интернационалдандыру						
3.1	Шетелдік жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу	Бірлескен жобаларды іске асыру, шетелдік әріптестермен ғылыми жарияланымдар дайындау, білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін базалар құру	бірлік	1	1	1
3.2	8D09102 - «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін шетелдік білім алушыларды тарту	Шетелдік білім алушылар санын ұлғайту	адам саны	1	1	1
3.3	Халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми-практикалық іс-шараларды ұйымдастыру	ПОҚ ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметінің тиімділігін арттыру, шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу	бірлік	1	1	1
3.4	Докторлық жобалар мен диссертациялар бойынша дәрістер оқуға мен консультациялар беруге шетелдік мамандарды шақыру	Білім беру бағдарламаларын іске асыруда шетелдік мамандардың тәжірибесін енгізу негізінде білім беру бағдарламаларының мазмұндық компонентін жақсарту	бірлік	1	2	2
3.5	Білім беру бағдарламаларын іске асыруға неғұрлым білікті шетелдік мамандарды тарту мақсатында озық шетелдік ғылыми-білім беру ұйымдарымен ынтымақтастықты кеңейту	Жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесіне сәйкес негізгі және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру	адам саны	1	1	1
Бағыт 4. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және цифрландыру						
4.1	Оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен кезең-кезеңмен жабдықтау (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.)	Кафедраға бекітілген оқу аудиторияларын техникалық оқыту құралдарымен жарақтандыру (проекторлар, панельдер, интерактивті және мультимедиялық тақталар, көпфункционалды құрылғылар, веб-камера, проекторға арналған экран және т.б.)	бірлік	2	3	3

4.2	Білім беру процесін автоматтандыруды жүргізу (тестілеу, сессияны басқару, докторанттар контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар)	Білім беру процесін автоматтандыру негізінде ақпаратты басқару (тестілеу, сессияны басқару, докторанттар контингентінің қозғалысы, деканат, кафедра, ПОҚ жүктемесі, кесте, кітапхана, силлабустар)	факт	100 %	100 %	100 %
4.3	ПОҚ және білім алушылардың ғылыми зерттеулері нәтижелерінің толық мәтінді базасын, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т.б.) толықтыру	Ғалымдардың ғылыми еңбектері, ПОҚ және білім алушылардың зерттеулері, ПОҚ (мақалалар, монографиялар және т. б.) нәтижелерінің санын ұлғайту	бірлік	2	3	3
4.4	Ғылыми және оқу әдебиеті қорын, оның ішінде іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша электрондық жеткізгіштерде кеңейту	Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық ресурстар негізінде, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету	%	100	100	100
4.5	Ветеринария және ауыл шаруашылық зерттеу мектебінің сайты толықтыру және жетілдіру мониторингі	Білім беру бағдарламаларын іске асырудың әртүрлі аспектілері бойынша факультет сайты қалыптастыру	%	100	100	100


Кафедра меңгерушісі



А.Е.Ахметжанова

КЕЛІСІЛДІ

ВАШЗМ деканы



Н.Ж.Есенгулова

«06» 06 2024 ж.


ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Ветеринария және ауыл шаруашылығы зерттеу мектебі

Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында

№ 6 хаттама «06» 06 2024 ж.

Комиссия төрағасы



Г.И.Джаманова